Тарихи дәлелдерге негізделген оқыту әдістерін меңгерту болашақ мұғалімдердің кәсіби дамуында ерекше орын алады. Әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы білім алушыларға тарихи дәлелдерді талдау дағдыларын қалыптастыру жөніндегі эмпирикалық зерттеулер архив материалдарын пайдаланудың тиімділігі мен маңызын нақты көрсетеді (Dere and Gökçınar, 2021). Бұл әдістер тарихты механикалық түрде жаттаудан бас тартып, деректерге сүйенген сыни ойлауды дамытуды көздейді. Қазақстанның XX ғасыр тарихын оқыту контекстінде репрессия жылдарының деректері – ерекше зерттеуді қажет ететін сала. Соңғы жылдары отандық тарихнамада бұл тақырыпты оқытуға қатысты әдістемелік ізденістер артып келеді. Репрессия кезеңін оқытуда мазмұндық дәлдік пен дерекке негізделген көзқарас маңызды екені анық.

Архивтік материалдардың ішінде жеке тұлғалардың хаттары, күнделіктері, жеке істері тарихи оқиғаларды адам тағдыры арқылы түсіндірудің бірегей мүмкіндігін ұсынады. Жеке корреспонденцияны тарихи білім беруде пайдалану жөніндегі зерттеулер мұндай деректер білім алушылардың тарихи эмпатиясын күшейтіп, тарихты тұлғалық қабылдауын жақсартатынын көрсетеді (Elecalde and Serrano, 2021). Саяси қуғын-сүргін кезеңіндегі хаттар мен арыз-шағымдар білім алушыларға сол дәуірдің психологиялық ахуалын сезінуге мүмкіндік береді. Қазіргі цифрлық орта тарихи деректермен жұмыс істеудің жаңа форматтарын ұсынуда. Сандық нарративтер, виртуалды архивтер, интерактивті құжат платформалары тарихты оқытудың жаңа мүмкіндіктерін ашып, архив материалдарының қолжетімділігін арттырды (Evurulobi et al., 2024). Бұл технологиялар XX ғасырдың күрделі кезеңдерін оқытуды жеңілдетіп қана қоймай, білім алушылардың деректерді талдау, визуалды интерпретация, электрондық ресурсқа сүйенген зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастырады.

Тарихи ойлауды дамытуға бағытталған қазіргі ғылыми-педагогикалық зерттеулер де архив материалдарының маңызын жан-жақты негіздейді. Тарихи ойлау, тарихи түсіну, хронологиялық және себеп-салдарлық байланыстарды анықтау сияқты құзыреттердің қалыптасуы тарихи білім берудің сапасын арттырудың негізгі көрсеткіші ретінде қарастырылады (Ferrer et al., 2023).

Сонымен қатар, тарихты оқытуда мәдениетаралық құзыреттілікті дамыту мәселесі де өзекті. Әртүрлі мәдени және этникалық контексттерде туындаған қақтығыстарды түсіндіруде тарихи деректермен жұмыс жасаудың маңызы ерекше (Hajisoteriou et. al., 2023). Репрессия жылдары – Қазақстан халқының мәдени, этникалық, әлеуметтік құрамы түбегейлі өзгерген кезең, сондықтан, архив материалдары бұл процестерді түсіндіруде таптырмас құрал болып табылады.

XX ғасыр тарихын оқыту барысында тарихи эмпатияны дамыту – маңызды педагогикалық міндет. Эмпирикалық зерттеулер тарихи эмпатия ерекше дерек көздерімен – тікелей куәгерлердің жазбалары, тергеу хаттамалары, іс материалдары арқылы анағұрлым тиімді қалыптасатынын айқындайды (Harnes, 2025). Саяси қуғын-сүргін құрбандарының жеке істері бұл тұрғыдан баға жетпес материал. Архив материалдарын оқу үдерісіне ендіру білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын күшейтумен қатар, тарихшы мамандығының мәнін терең түсінуге әсер етеді. Архивтік құжаттармен жұмыс істеу білім алушылардың тарихи деректің табиғаты, иерархиясы, шектеулері және интерпретациясы туралы нақты түсінігін қалыптастырады.

Осылайша, 1920–1950 жылдардағы Оңтүстік Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарының тағдырын архив материалдары негізінде оқыту – тарихи шынайылықты дәл жеткізудің, білім алушылардың дереккөздермен жұмыс қабілетін дамытудың және ұлттық тарихи сананы қалыптастырудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Қазақстан тарихын оқытудағы заманауи әдіснамалық бағыттар білім алушылардың дерекке негізделген тарихи ойлауын дамытуға, тарихи интерпретацияның көпқырлы аспектілерін игеруге және зерттеушілік дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Соңғы жылдары жоғары білім беру жүйесінде тарихи білімді жаңғыртуда цифрлық технологияларды, интерактивті оқыту әдістерін, ойын платформаларын және жасанды интеллект құралдарын кең қолдану үрдісі байқалып отыр. Бұл тәсілдер архив материалдарын оқытудың тиімділігін арттырып, репрессия жылдары сияқты күрделі тарихи кезеңдерді білім алушылардың терең, сыни тұрғыдан қабылдауына мүмкіндік береді.

Зерттеушілікке бағытталған оқыту тұжырымдамасы білім алушылардың тарихи материалды пассивті қабылдауын емес, оны талдау, сұрақ қою, өз бетінше зерттеу жүргізу дағдыларын дамытуды көздейді. Осы тұрғыда Кенебаева зерттеуге бағытталған оқытудың білім алушылардың танымдық белсенділігін, өздігінен ой түйю қабілетін және шынайы деректермен жұмыс істей алуын арттыратынын көрсетеді (Кенебаева, 2020). Бұл тәсіл архив материалдарын пайдалану әдістемесімен табиғи түрде үндеседі, өйткені мұрағат құжаттары – өздігінен зерттеуді талап ететін дереккөздер.

Соңғы жылдары тарихи білім беруде эмоциялық тәжірибе мен далалық оқыту форматының тарихи сананы қалыптастырудағы ролі де жоғары бағалануда. Leadbetter және әріптестерінің еңбегінде эмоциялық әсерге

негізделген оқыту білім алушылардың тарихи оқиғаларды тұлғалық деңгейде қабылдауын күшейтетіні, яғни тарихи эмпатияны дамытатыны дәлелденген (Leadbetter et al., 2019). Бұл архив материалдарындағы жеке хаттар, тергеу құжаттары сияқты эмоционалды мазмұнға ие деректерді пайдаланудың педагогикалық маңызын арттырады.

Тарихты оқытуда цифрлық ресурстардың рөлі күннен-күнге күшейіп келеді. Lee XXI ғасырда тарихты оқыту технология, мультимедиялық архивтер, цифрлық карта, визуалды деректерді біріктірген жағдайда ғана тиімді болатынын айтады (Lee, 2023). Бұл тұрғыда цифрлық архивтер 1920–1950 жж. репрессия материалдарын визуалды және деректік дәлдікпен қолжетімді етуге мүмкіндік береді. Белсенді әдістемелер мен критикалық педагогика университет білім алушылардың тарихи ойлау дағдыларын нығайтады. Limiñana және Soler тарихи білім беруде белсенді әдістерді қолдану оқу жетістігін арттырып қана қоймай, білім алушылардың деректерді бағалау, дәлелдеу, интерпретация жасау қабілетін күшейтетінін анықтаған (Limiñana and Soler, 2024). Бұл архив деректерін қолданудағы басты мақсаттардың бірімен сәйкес келеді.

Цифрлық тарихи ойлауды дамытуда López-García еңбегі ерекше назар аудартады. Ол тарихи ойлауға бағытталған әдістемелерді цифрлық деректермен және белсенді оқыту әдістерімен біріктіру білім алушылардың тарихи деректердің шынайылығын бағалау дағдыларын айтарлықтай күшейтетінін дәлелдейді (López-García, 2023). Бұл архив материалдарын онлайн форматта қолданудың тиімділігін көрсетеді.

Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында тарихты оқытуда инновациялық форматтар, виртуалды орта, сандық симуляциялар кең қолданылады. Marpelina және әріптестері мұндай әдістерді қолдану тарихи білімді меңгеруді жеңілдетіп қана қоймай, білім алушыларды деректерді талдау мен тарихи модельдеу жұмысына тартатынын көрсетеді (Marpelina et al., 2023). Әлеуметтік виртуалды шынайылықта тарихи оқиғаларды «бастан өткеру» де жаңа зерттеу бағытына айналды. Papadopolou және әріптестерінің жұмысы VR технологиялары арқылы білім алушылардың тарихи сезіну қабілеті, эмпатиясы, адам тағдырына деген сезімталдығы артатынын дәлелдейді (Papadopolou et al., 2024). Бұл репрессия кезеңіндегі жеке істер мен тінту актілерін реконструкциялауға мүмкіндік береді. Жасанды интеллекттің тарихи білім берудегі рөлі де артып келеді. Ұқсас тәсілдер қазақ тарихындағы саяси қуғын-сүргін тақырыбын оқытуға да қолданылуы мүмкін.

Соңында, мектеп оқулықтарында тарихи нарративтің берілуін талдаған Satanov және Ayagan тарихи материалдың идеологияға тәуелділігі, тарихи бұрмалаушылықпен күресу және деректік дәлдікке ұмтылу мәселелерінің өзектілігін көрсетеді (Satanov and Ayagan, 2023). Бұл – архив материалдарын оқытудағы негізгі қағидалардың бірі.

Осы зерттеу жұмысының мазмұны мен нәтижелеріне сүйене отырып,

архив материалдарын жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихын оқытуда қолданудың тиімділігін жан-жақты бағалау мақсатында бірқатар негізгі ғылыми сұрақтар айқындалды. Бұл сұрақтар зерттеудің теориялық негіздерін, архив құжаттарының ерекшеліктерін, олардың оқу үдерісіне ықпалын және білім алушылардың тарихи ойлау, деректанулық талдау, тарихи эмпатия сияқты қабілеттерінің даму деңгейін нақтылауға бағытталған. Сонымен қатар, зерттеу сұрақтары Оңтүстік Қазақстан өңіріне тән архив материалдарының білім беру кеңістігіндегі рөлін анықтауға, тарихи сананы қалыптастырудағы дерекке сүйенген оқытудың мүмкіндіктерін бағалауға мүмкіндік береді. Төменде берілген сұрақтар зерттеу нәтижелерін терең түсіндіруді, салыстыруды және педагогикалық қорытындыларды негіздеуді мақсат етеді.

1. Архив материалдарын жүйелі пайдалану білім алушылардың тарихи ойлау дағдыларының (салыстыру, интерпретациялау, дәлелдеу) дамуына қалай әсер етеді?

2. Тергеу істері, тінту актілері және жеке хаттар сияқты құжаттармен жұмыс істеу білім алушылардың тарихи деректерді талдау және олардың шынайылығын бағалау қабілетіне қандай өзгерістер енгізеді?

3. Архив материалдарын қолдану болашақ тарих мұғалімдерінің деректанулық және зерттеушілік құзыреттіліктерін қалыптастыруда қандай нәтижелер береді?

Бұл зерттеудің мақсаты – 1920–1950 жж. саяси қуғын-сүргін тарихын Оңтүстік Қазақстан материалдары негізінде оқытуда архив құжаттарын пайдаланудың ғылыми-әдістемелік мүмкіндіктерін анықтау және оларды жоғары оқу орындарындағы білім беру үдерісіне енгізудің тиімді жолдарын ұсыну болып табылады.

Зерттеу әдістері. Осы зерттеуде 1920–1950 жылдардағы Оңтүстік Қазақстан аймағындағы саяси қуғын-сүргін тарихын жоғары оқу орындарында оқытуда архив материалдарын пайдаланудың әдістемесін негіздеу және оны оқу үдерісіне енгізудің тиімді жолдарын анықтау мақсатында төмендегі ғылыми әдістер кешені қолданылды.

Теориялық-тарихнамалық талдау әдісі. Бұл әдіс арқылы осы кезеңге қатысты отандық және шетелдік ғылыми еңбектер, тарихи зерттеулер мен педагогикалық тұжырымдамалар сараланды. Бұл тәсіл зерттеу проблемасының ғылыми контекстін айқындауға, архив материалдарын оқу үдерісінде пайдаланудың теориялық негізін нақтылауға мүмкіндік берді.

Архивтік-деректанулық талдау әдісі. Тергеу істері, тінту актілері, жеке хаттар, реабилитация құжаттары сияқты негізгі дереккөздердің құрылымы, мазмұндық ерекшеліктері, идеологиялық ықпал элементтері және деректің шынайылық дәрежесі анықталды. Бұл әдіс архив құжаттарының ғылыми құндылығын айқындап, оларды білім беру процесінде тиімді пайдаланудың әдістемелік негізін жасауға мүмкіндік берді.

Салыстырмалы талдау әдісі. Түрлі архив көздерінен алынған мәліметтер

– тергеу ісі, хаттар, ресми қаулылар мен реабилитациялық материалдар өзара салыстырылып, олардың арасындағы сәйкестіктер мен айырмашылықтар анықталды. Бұл тәсіл саяси қуғын-сүргіннің шынайы тарихи бейнесін көпқырлы көрсетуге, тарихи ақпараттың толық әрі нақты интерпретациясын жасауға жағдай жасады.

Зерттеу нәтижелері. 1920–1950 жылдардағы саяси қуғын-сүргін кезеңі Қазақстан тарихындағы ең қасіретті, күрделі әрі қоғамның барлық әлеуметтік қабаттарын қамтыған тарихи үдеріс болып табылады. Бұл жылдар тоталитарлық жүйенің орнығуымен, саяси биліктің күшеюімен, ұлттық зиялы қауымның жойылуымен, дәстүрлі қоғамдық құрылымның күйреуімен және миллиондаған адамдардың тағдырына ауыр соққы алып келген жаппай репрессиялық саясатпен сипатталады. Аталған кезеңді терең әрі шынайы түсіну Қазақстанның тарихи дамуын, ұлттық сананың қалыптасуын және қазіргі қоғамдық процестердің алғышарттарын пайымдауда айрықша маңызға ие.

Жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихын оқыту барысында бұл тақырыпты тек оқулықтық мәтіндер мен жалпылама статистикалық деректер аясында шектеу тарихи шындықты толық ашуға мүмкіндік бермейді. Осы тұрғыдан алғанда, архив материалдарын оқу үдерісіне жүйелі түрде енгізу – тарихты дерекке негізделген, ғылыми тұрғыдан дәлелді және тұлғалық-бағдарлы форматта оқытудың тиімді жолы болып табылады. Архив құжаттары – белгілі бір дәуірдің тікелей куәгері, сол кезеңдегі саяси, әлеуметтік және құқықтық механизмдердің нақты айғағы ретінде білім алушыларға тарихи оқиғаларды «тірі тарих» ретінде қабылдауға жағдай жасайды.

Әсіресе, 1920–1950 жылдардағы Оңтүстік Қазақстан өңірінде орын алған саяси қуғын-сүргін мысалында архив материалдарын пайдалану аймақтық тарихтың ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік береді. Бұл өңірде қуғын-сүргінге ұшыраған ұстаздар, дін өкілдері, ұлттық зиялылар, шаруалар мен қарапайым еңбек адамдарының тағдырлары арқылы сталиндік репрессиялардың күнделікті өмірге, отбасы институтына, рухани-мәдени құндылықтарға тигізген зардабын нақты көрсетуге болады. Жеке адамдардың тергеу істері, тінту актілері, хаттары мен арыздары білім алушылардың тарихи процесті абстрактілі ұғым ретінде емес, нақты адам тағдырымен байланыстыра қабылдауына ықпал етеді.




Сурет 1 — Саяси қуғын-сүргін жылдарындағы халық тағдыры (1920–1950 жж.).

Архив материалдарын пайдалану білім алушылардың тарихи санасын қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Олар дерекпен тікелей жұмыс жасау арқылы деректанулық талдау жүргізуге, құжаттың шығу тегі мен мазмұнын сыни тұрғыдан бағалауға, ресми айыптау тілі мен шынайы тарихи жағдай арасындағы қайшылықтарды анықтауға үйренеді. Бұл өз кезегінде болашақ мамандардың сыни ойлау дағдыларын, зерттеушілік мәдениетін және академиялық адалдық қағидаттарын дамытуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, архивтік құжаттар негізінде оқыту білім алушылардың азаматтық ұстанымын, тарихи әділеттілікке деген көзқарасын және ұлттық жадыны сақтау жауапкершілігін қалыптастырады. Саяси қуғын-сүргін құрбандарының тағдырын зерделеу арқылы жастар тоталитарлық жүйенің адам құқықтарын аяққа таптаған сипатын түсініп, өткеннің ауыр сабақтарын қазіргі демократиялық құндылықтармен байланыстыра алады. Осы тұрғыдан алғанда, архив материалдарын пайдалану әдістемесі тек танымдық емес, сонымен бірге тәрбиелік және құндылықтық маңызы зор өзекті педагогикалық мәселе болып табылады.

Архив материалдарының түрлері. 1920–1950 жылдардағы саяси қуғын-сүргін тарихын жоғары оқу орындарында терең әрі мазмұнды оқытуда архив материалдары негізгі дереккөз ретінде ерекше маңызға ие. Архивтік құжаттар тарихи оқиғаларды ресми баяндамалар мен естеліктерден тыс, сол дәуірдің нақты саяси-құқықтық шындығы тұрғысынан зерделеуге мүмкіндік береді. Оқу процесінде төмендегі архив материалдарының түрлері тиімді әрі жүйелі түрде қолданылады.



Сурет 2 — Архив материалдарының түрлері.

Тергеу істері – саяси қуғын-сүргінді зерттеудегі ең маңызды дереккөздердің бірі. Олардың құрамына айыптау қорытындылары, тергеу хаттамалары, куәгерлердің жауаптары, сот немесе «үштік» үкімдері кіреді. Бұл құжаттар арқылы білім алушылар сталиндік репрессиялық механизмнің қалай жұмыс істегенін, айыптаулардың көбіне дәлелсіз, жалған және идеологиялық сипатта болғанын нақты мысалдар арқылы түсіне алады. Сонымен қатар, тергеу істері саяси тілдің ерекшелігін, айыптау формулаларының стандартталған сипатын және жеке адамның құқықтарының қалай шектелгенін талдауға мүмкіндік береді.

Тінту актілері – қуғын-сүргіннің тұрмыстық және әлеуметтік кырын

ашатын маңызды дерек. Бұл құжаттарда тәркіленген заттардың толық тізімі көрсетіліп, отбасылардың әлеуметтік жағдайы, мәдени деңгейі мен рухани өмірі жөнінде құнды мәліметтер сақталған. Домбыра, кітап, қолжазба, хат секілді заттардың тәркіленуі арқылы репрессияның тек саяси емес, мәдени-рухани сипатта болғанын көрсетуге болады. Сабақ барысында тінту актілерін талдау білім алушыларға тоталитарлық жүйенің жеке өмірге терең араласуын түсінуге көмектеседі.

Хаттар мен арыздар – архив материалдарының ең эмоциялық әрі тұлғалық маңызы жоғары түрі. Қуғын-сүргінге ұшыраған адамдардың немесе олардың туыстарының билік органдарына жазған өтініштері, ақталуға үміт білдірген арыздары сол кезеңдегі адамның ішкі жан дүниесін, қорқынышын, үмітін және шарасыздығын айқын көрсетеді. Бұл деректер білім алушылардың тарихи эмпатиясын қалыптастырып, өткен дәуір оқиғаларын адам тағдыры арқылы қабылдауына мүмкіндік береді.

Реабилитация құжаттары (1950–1980 жылдар) саяси қуғын-сүргін құрбандарының кейінгі тағдырын зерделеуде маңызды орын алады. Ақтау туралы шешімдер, прокуратура анықтамалары, қайтыс болғаны жөніндегі куәліктер репрессиялық саясаттың заңсыздығын ресми түрде мойындаған кезеңді сипаттайды. Бұл құжаттар тарихтағы әділеттіліктің кеш болса да қалпына келтірілу үдерісін көрсетуге, сондай-ақ саяси жүйенің трансформациясын талдауға мүмкіндік береді.

Статистикалық мәліметтер – саяси қуғын-сүргіннің ауқымын, аймақтық ерекшеліктерін және әлеуметтік құрамын анықтауға мүмкіндік беретін дереккөздер. Қамауға алынғандар саны, үкім түрлері, жер аударылғандардың әлеуметтік және ұлттық құрамы жөніндегі мәліметтер білім алушылардың тарихи құбылысты макродеңгейде түсінуіне жағдай жасайды. Бұл деректерді карталармен, диаграммалармен және кестелермен байланыстыра қолдану оқу процесінің тиімділігін арттырады.

Аталған архив материалдары негізінен Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві, Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік архиві, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті Архиві қорларында сақталған. Бұл архив мекемелеріндегі құжаттарды оқу үдерісіне енгізу білім алушылардың деректанулық мәдениетін қалыптастырып қана қоймай, Қазақстан тарихын ғылыми дәлдікпен, аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып меңгеруге мүмкіндік береді.

Архив материалдарын пайдаланудың әдістемелік қағидаттары. Жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихын, соның ішінде 1920–1950 жылдардағы саяси қуғын-сүргін кезеңін оқытуда архив материалдарын тиімді пайдалану белгілі бір әдістемелік қағидаттарға сүйенуді талап етеді. Бұл қағидаттар архивтік деректермен жұмыс істеуді жүйелендіріп қана қоймай, білім алушылардың тарихи ойлауын, деректанулық мәдениетін және сыни талдау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Архив материалдарын жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихын

оқытуда тиімді пайдалану белгілі бір әдістемелік қағидаттарға сүйенуді талап етеді. Аталған қағидаттар архив деректерін ғылыми тұрғыдан талдауға, тарихи процестерді тұлғалық және деректанулық негізде түсіндіруге мүмкіндік береді (1-кесте).

Кесте 1 — Архив материалдарын пайдаланудың әдістемелік қағидаттары.

№	Әдістемелік қағидат	Қағидаттың мазмұндық сипаттамасы	Оқу үдерісінде іске асырылуы
1	Тарихилық және нақтылық	Архив құжатының жасалу уақыты, авторы, тарихи-саяси жағдайы мен пайда болу мақсаты анықталып, дерек белгілі бір дәуір контексінде қарастырылады.	Тергеу ісін талдау кезінде саяси науқан кезеңін, репрессиялық саясаттың ерекшелігін түсіндіру.
2	Деректанулық талдау	Құжаттың шығу тегі, құрылымы, ресмилік деңгейі мен сенімділігі сыни тұрғыдан сарапталып, идеологиялық ықпал элементтері анықталады.	Айыптау қорытындыларындағы тілдік штамптарды, қайшылықтарды анықтау.
3	Тұлғалық тәсіл	Тарихи оқиғаларды жеке адамның тағдыры, әлеуметтік ортасы және өмір жолы арқылы зерделеу.	Нақты бір саяси қуғын-сүргін құрбанының архив ісін зерттеу.
4	Салыстырмалы талдау	Бір тарихи оқиғаға немесе тұлғаға қатысты әртүрлі архив көздерін өзара салыстыру арқылы тарихи шындықты кешенді ашу.	Тергеу ісін хаттармен, тінту актілерімен және реабилитация құжаттарымен салыстыру.

Жалпы алғанда, архив материалдарын пайдаланудың аталған әдістемелік қағидаттары Қазақстан тарихын оқыту үдерісін дерекке негізделген, зерттеушілік сипаттағы және тұлғалық-мағыналық тұрғыдан бай мазмұнмен толықтырып, болашақ мамандардың тарихи санасы мен азаматтық ұстанымын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихын, соның ішінде 1920–1950 жылдардағы саяси қуғын-сүргін мәселесін архив материалдары негізінде оқыту білім алушылардың зерттеушілік және жобалық құзыреттіліктерін дамытуға кең мүмкіндік береді. Архивтік деректермен жұмыс жасау білім алушыларды дайын ақпаратты қабылдаушы емес, тарихи білімді өз бетінше құрастырушы субъект ретінде қалыптастыруға бағытталады.

Зерттеушілік жұмыстың тиімді формаларының бірі – микроисториялық жоба болып табылады. Бұл жобалар аясында білім алушылар бір адамның немесе бір әулеттің саяси қуғын-сүргінге ұшырау тарихын архив құжаттары негізінде қалпына келтіреді. Тергеу істері, тінту актілері, жеке хаттар мен реабилитация құжаттарын кешенді талдау арқылы білім алушылар нақты тағдырлар мысалында тоталитарлық жүйенің адам өміріне тигізген зардаптарын анықтайды. Мұндай тәсіл тарихи оқиғаларды жекелеген статистикалық деректер арқылы емес, адам тағдыры тұрғысынан түсінуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, архив материалдарын пайдалану цифрлық тарих

элементтерін оқу үдерісіне енгізуге жағдай жасайды. Білім алушылар архив құжаттарының мазмұнына сүйене отырып инфографика, уақыт сызығын (timeline), тақырыптық сызбалар мен визуалды материалдар дайындайды. Бұл жұмыс тарихи ақпаратты құрылымдауға, себеп-салдарлық байланыстарды анықтауға және күрделі тарихи процестерді көрнекі түрде көрсетуге ықпал етеді. Цифрлық форматтағы жобалар білім алушылардың ақпараттық-коммуникациялық және зерттеушілік дағдыларын ұштастыра дамытуға мүмкіндік береді.

Зерттеушілік және жобалық жұмыстардың тағы бір маңызды бағыты – өңірлік жад картасын құрастыру. Бұл жоба барысында Оңтүстік Қазақстан аумағында орналасқан саяси қуғын-сүргін орындары, жер аудару бағыттары мен еске алу нысандары белгіленеді. Архив деректерін географиялық кеңістікпен байланыстыру арқылы білім алушылар тарихи жадының аймақтық ерекшеліктерін түсініп, репрессиялық саясаттың кең ауқымын нақты түрде елестете алады. Архив материалдарын Қазақстан тарихын оқытуда пайдалану тек танымдық мақсатпен шектелмей, айқын тәрбиелік және құндылықтық әлеуетке ие. Саяси қуғын-сүргін құрбандарының тағдырын архив құжаттары негізінде зерделеу білім алушыларға тарихи әділеттілік пен азаматтық жауапкершілік сезімін қалыптастырады. Тоталитарлық жүйенің заңсыз әрекеттерін нақты деректер арқылы түсіну өткенге сындарлы көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, архивтік деректермен жұмыс жасау арқылы білім алушылар тоталитарлық саяси жүйенің адам құқықтарын шектеу, еркін ойды жою және жеке тұлғаны жазалау тетіктерін терең түсінеді. Бұл білім қазіргі демократиялық қоғам құндылықтарын бағалауға, құқықтық мемлекет қағидаттарының маңызын ұғынуға ықпал етеді. Архив материалдары ұлттық жадыны сақтаудың және тарихи сабақтастықты қамтамасыз етудің маңызды құралы ретінде білім алушылардың гуманистік құндылықтарын қалыптастырады. Қуғын-сүргін құрбандарының есімдерін, өмір жолын және тағдырын зерделеу арқылы білім алушылар өткеннің қасіретті беттерін ұмытпай, тарихи сананы жаңғыртуға және қоғамның рухани жаңаруына үлес қосу қажеттігін сезінеді.

Архив материалдарын қолданудың мысалдары. Ұсынылып отырған әдістеменің оқу үдерісінде тиімділігін айқындау мақсатында 1920–1950 жылдардағы саяси қуғын-сүргінге қатысты нақты архив материалдары пайдаланылады. Бұл бөлімде архивтік деректерді жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихын оқыту барысында қолданудың практикалық мүмкіндіктері нақты мысалдар негізінде көрсетіледі. Зерттеу және оқыту барысында Оңтүстік Қазақстан өңірінде 1930–1940 жылдары саяси қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтарға қатысты тергеу істері негізгі дереккөз ретінде алынады. Аталған құжаттарда айыптау қорытындылары, тергеу хаттамалары, тінту актілері және сот үкімдері сақталған. Сабақ барысында алдымен құжаттың жасалу уақыты, оны рәсімдеген орган және сол кезеңдегі


саяси жағдай түсіндіріліп, тарихи нақтылық қағидаты жүзеге асырылады. Бұл білім алушылардың архив материалын белгілі бір тарихи контекст аясында қабылдауына мүмкіндік береді.

Тергеу істерін талдау кезінде деректанулық тәсіл кеңінен қолданылады. Білім алушылар айыптау мәтіндеріндегі стандартталған саяси тұжырымдарға, нақты дәлелдердің жоқтығына және тергеу барысындағы қайшылықтарға назар аударады. Мұндай жұмыс архив құжатын абсолютті ақиқат ретінде емес, белгілі бір саяси жүйенің өнімі ретінде қарастыруға үйретіп, сыни ойлау дағдыларын қалыптастырады.

Сонымен қатар, тінту актілері оқу үдерісінде тұлғалық тәсілді іске асырудың тиімді құралы болады. Тәркіленген заттар тізімі (жеке қолжазбалар, хаттар, кітаптар, тұрмыстық бұйымдар) арқылы білім алушылар қуғын-сүргіннің жеке адам мен оның отбасына тигізген әлеуметтік және рухани салдарын анықтайды. Бұл материалдар саяси репрессиялардың тек мемлекеттік деңгейде ғана емес, күнделікті өмір кеңістігінде де жүзеге асқанын нақты көрсетуге мүмкіндік береді.

Архив материалдарын жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихын оқытуда қолданудың нақты үлгісі ретінде Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві сайтында (<http://www.cga.kz/cooperation>) ұсынылған цифрландырылған архив құжаттарын пайдалануға болады. Бұл ресурстар 1920–1950 жылдардағы саяси қуғын-сүргін кезеңіне қатысты тергеу істері, қызметтік құжаттар, жеке тектік қор материалдары мен ресми хаттамаларды қамтиды және оқу үдерісінде дереккөз ретінде қолдануға мүмкіндік береді.

Ұсынылған әдістеменің оқу үдерісінде жүзеге асырылуын көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві ұсынатын электрондық архив ресурстары пайдаланылады. Аталған архивтің ресми сайтында орналастырылған «Электрондық архив», «Қорлар бойынша іздеу» және «Жеке құрам құжаттары» бөлімдері 1920–1950 жылдардағы саяси қуғын-сүргінге қатысты деректерді жүйелі түрде іріктеуге және талдауға мүмкіндік береді.




Сурет 3 — Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві.

Мысалы, «Қорлар бойынша іздеу» бөлімі арқылы білім алушылар саяси қуғын-сүргін кезеңіне сәйкес келетін уақыт аралығын (1930–1940

жж.), қызмет саласын және құжат түрін анықтап, репрессияға ұшыраған тұлғаларға қатысты архив істерін табу жұмысын орындайды. Бұл кезеңде тарихи нақтылық қағидаты жүзеге асырылып, архив құжаттарының жасалу уақыты, сақталу қоры және тарихи-саяси контексті нақты айқындалады.

Сонымен қатар, архив сайтындағы «Жеке құрам құжаттары» бөлімі оқу үдерісінде тұлғалық тәсілді іске асырудың тиімді құралы ретінде қолданылады. Бұл бөлімде сақталған мәліметтер арқылы білім алушылар саяси қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтардың қызметтік жолын, әлеуметтік мәртебесін және тағдырын архив деректері негізінде анықтайды. Мұндай жұмыс жаппай статистикалық деректерден гөрі нақты адам тағдырына назар аударуға мүмкіндік береді.



Сурет 4 — Архив материалдарының бөлімдері.

Электрондық архив материалдары деректанулық талдау жүргізу барысында да кеңінен пайдаланылады. Білім алушылар архив құжаттарының аннотациясын, қор сипаттамаларын және ресми атауларын талдау арқылы деректің шығу тегі мен сенімділігін анықтайды. Айыптау сипатындағы құжаттардың мазмұнын саралау барысында кеңестік кезеңге тән идеологиялық тіл мен стандартталған тұжырымдардың қолданылғаны айқындалады. Сонымен қатар, электрондық архив ресурстарын пайдалану салыстырмалы талдау қағидатын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бір тұлғаға немесе оқиғаға қатысты әртүрлі қорларда сақталған құжаттарды салыстыру арқылы саяси қуғын-сүргіннің салдары, кейінгі реабилитация үдерістері және тарихи әділеттіліктің қалпына келтірілу ерекшеліктері анықталады.

Осылайша, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің электрондық ресурстарын оқу үдерісіне енгізу архив материалдарын пайдаланудың заманауи, қолжетімді және ғылыми негізделген формасы ретінде қарастырылып, 1920–1950 жылдардағы саяси қуғын-сүргін тақырыбын оқытуда ұсынылған әдістеменің қолданбалы маңызын дәлелдейді.

Архив материалдарын жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихын, соның ішінде 1920–1950 жылдардағы саяси қуғын-сүргін тақырыбын оқытуда тиімді қолдану мақсатында Қазақстан Республикасының Президентінің Архиві қорларында (<https://archive.president.kz/science/method/>) сақталған

құжаттарды оқу үдерісіне енгізуге болады. Аталған архивтің «Электронды каталог», «Қорлар бойынша жол көрсеткіш», «Аса құнды құжаттар», «Кітапхана және СИФ» бөлімдері саяси қуғын-сүргін кезеңіне қатысты деректерді жүйелі түрде іріктеуге және әдістемелік тұрғыдан пайдалануға мүмкіндік береді.



Сурет 5 — Қазақстан Республикасының Президентінің Архиві.

Мысалы, «Электронды каталог» және «Қорлар бойынша жол көрсеткіш» бөлімдері арқылы кеңестік билік органдары мен партиялық құрылымдардың қызметіне қатысты нормативтік-құжаттық материалдарды іздеу жұмысын ұйымдастыруға болады. Бұл тәсіл тарихи нақтылық қағидатын жүзеге асыруға, құжаттардың жасалу уақыты мен саяси контекстін нақтылауға жағдай жасайды.

Президент Архивінде сақталған партиялық қаулылар мен әкімшілік шешімдер деректанулық талдау жүргізу үшін қолдануға ұсынылады. Білім алушылар ресми құжаттардың мазмұнын талдау арқылы саяси қуғын-сүргіннің институционалдық негіздерін, яғни репрессиялық саясаттың жоғары басқару деңгейінде қалай қалыптасқанын анықтай алады. Мұндай жұмыс архив деректерін сыни тұрғыдан бағалау дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, «Аса құнды құжаттар» бөліміндегі материалдарды тергеу істері мен реабилитация құжаттарымен салыстыра отырып қолдануға болады. Бұл салыстырмалы талдау саяси айыптаулардың идеологиялық сипатын және тарихи әділеттіліктің қалпына келтірілу үдерісін көрсетуге мүмкіндік береді.

Президент Архивінің «Кітапхана және СИФ» бөліміндегі анықтамалық және библиографиялық материалдарды архив құжаттарымен жұмыс істеудің әдістемелік негізін толықтыру мақсатында пайдалануға болады. Бұл білім алушылардың деректанулық мәдениетін қалыптастыруға және тарихи ақпаратты жүйелеу қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Осылайша, Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві қорларындағы материалдарды жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихын оқытуда қолдануға болады және олар 1920–1950 жылдардағы саяси қуғын-сүргін тақырыбын дерекке негізделген, ғылыми және тұлғалық тұрғыдан меңгерудің тиімді әдістемелік құралы ретінде ұсынылады.

Қорытындылай келе, 1920–1950 жылдардағы Оңтүстік Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тарихын жоғары оқу орындарында оқытуда архив материалдарын пайдалану дерекке негізделген, ғылыми және тұлғалық-бағдарлы білім беруді қамтамасыз етеді. Архив құжаттары тарихи оқиғаларды жалпылама баяндаумен шектелмей, нақты адам тағдыры, саяси шешімдер мен олардың салдары арқылы түсіндіруге мүмкіндік береді.

Орталық мемлекеттік архив пен Қазақстан Республикасы Президентінің Архивінде сақталған құжаттарды оқу үдерісіне енгізу білім алушылардың тарихи санасын, деректанулық және сыни ойлау дағдыларын қалыптастыруға жағдай жасайды. Осылайша, архив материалдарын пайдалану Қазақстан тарихын оқытудың мазмұнын тереңдетіп, өткеннің қасіретті сабақтарын қазіргі қоғамдық құндылықтармен ұштастыратын тиімді әдістемелік құрал ретінде ұсынылады.

Талқылау. Зерттеу нәтижелері 1920–1950 жылдардағы саяси қуғын-сүргін тарихын жоғары оқу орындарында архив материалдары арқылы оқытудың ғылыми және әдістемелік маңызын айқын көрсетті. Талдау барысында анықталған тұжырымдар архив материалдарын жүйелі пайдалану тарихи білім беруді жаңғыртуда шешуші орын алатынын дәлелдейді.

Алдымен архив құжаттарының табиғаты мен құрылымын ғылыми тұрғыда түсіндіру қажеттілігі айқындалды. Urazbayeva архив құжаттарын жіктеу принциптерін талдай отырып, XX ғасырдың басындағы әкімшілік құжаттардың мазмұнына идеологиялық нормалардың қатты әсер еткенін көрсетеді (Urazbayeva, 2019). Бұл тұжырым зерттеу барысында қарастырылған тергеу материалдары, тінту актілері мен ресми хаттамалардың мазмұнымен толық сәйкес келеді. Құжаттардың осындай саясиленген сипаты білім алушыларға деректерді сыни бағалау дағдыларын қалыптастыруда маңызды әдістемелік құрал ретінде көрінеді.

Эго-құжаттардың рөлі де ерекше көрінді. Zhanbosinova, Zhandybayeva және Kazbekova саяси террор кезеңіндегі жеке жазбалардың тарихи шындықты адам тағдыры арқылы түсіндіруге мүмкіндік беретінін атап өтеді (Zhanbosinova et al., 2021). Зерттеу барысында пайдаланылған хаттар мен жеке көрсетілімдер білім алушылардың тарихи эмпатиясын күшейтіп, қуғын-сүргіннің жеке адамдардың өміріне тигізген әсерін терең сезінуге жағдай жасады. Мұндай құжаттар тек дерек көзі ретінде емес, адамның тарихи тәжірибесін ашатын эмоционалдық-танымдық ресурсқа айналды.

Саяси қуғын-сүргіннің идеологиялық негіздерін түсіндіру мақсатында қолданылған архив материалдары білім алушылардың тоталитарлық жүйенің жұмыс механизмін тануына ықпал етеді. Мәдениет пен білім саласындағы идеологиялық қысым зиялы қауымға қарсы репрессияның кеңеюіне негіз болды. Тергеу істеріндегі айыптаулардың мазмұны зерттеу барысында осы тұжырымды нақты дерекпен растап отырды. Бұл құжаттарды сабақта пайдалану білім алушыларға саяси айыптаулардың жасалу логикасын дерек арқылы түсіндіруге мүмкіндік береді.

Архив материалдарының аймақтық ерекшеліктерін зерттеу де маңызды нәтижелер берді. Кубик Павлодар уезіндегі әскери тұтқындарға қатысты құжаттарды зерттей отырып, аймақтық деректердің жергілікті қоғамның әлеуметтік құрылымы туралы құнды мәлімет беретінін көрсетеді (Кубик, 2022). Бұл тәсіл зерттеуімізде Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі деректерді талдау барысында да тиімді болды. Тінту актілері мен тергеу құжаттары аймақтық ерекшеліктерді ашып, оқытуда өңір тарихын нақты деректермен байланыстыруға мүмкіндік береді.

Жалпы зерттеу нәтижелері архив материалдарын қолдану тек ғылыми дереккөзді меңгерту емес, сонымен қатар, тарихи ойлау, тарихи эмпатия, деректерді салыстыру, интерпретациялау дағдыларын дамытуда жоғары тиімділікке ие екенін көрсетті. Әдебиеттерде келтірілген теориялық тұжырымдар мен зерттеу қорытындыларының үйлесуі архивтік-педагогикалық тәсілдің ғылыми негізділігін толық дәлелдейді.

Қорытынды. 1920–1950 жылдардағы Оңтүстік Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тарихын жоғары оқу орындарында архив материалдары негізінде оқыту — тарихи білім беруді жаңғыртудың өзекті әрі ғылыми тұрғыдан негізделген бағыты болып табылады. Зерттеу нәтижелері архив құжаттарының тек дереккөз ретіндегі маңызын ғана емес, білім алушылардың тарихи санасын қалыптастырудағы, сыни ойлауын дамытудағы, тарихи эмпатиясын күшейтудегі және азаматтық ұстанымдарын жетілдірудегі ерекше рөлін айқын көрсетті.

Архив материалдарының деректік табиғаты, мазмұндық құрылымы мен идеологиялық ерекшеліктерін талдау олардың саяси қуғын-сүргін механизмін нақты, дәл және көпқырлы түрде түсіндіруге мүмкіндік беретінін көрсетті. Тергеу істері, тінту актілері, жеке хаттар, хаттамалар мен реабилитациялық құжаттар сол дәуірдегі мемлекеттік бақылау жүйесінің қызметін, жеке тұлғалардың тағдырын, қоғамдағы үрей мен қысым атмосферасын барынша нақты көрсетеді. Осындай құжаттарды оқу үдерісінде пайдалану білім алушының тек өткен оқиғаларды тануына емес, тарихи әділеттілікті сезінуіне де ықпал етеді.

Зерттеу барысында қолданылған тарихи-деректанулық, салыстырмалы, микроисториялық және интерпретациялық әдістер архив материалдарын педагогикалық мақсатта тиімді қолдануға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, білім алушылар деректерді салыстыру, құжаттың шығу тегі мен шынайылығын анықтау, тарихи контекстті қалпына келтіру, тұлғалық деңгейдегі тарихи тәжірибені түсіндіру сияқты дағдыларды меңгере алады. Бұл — қазіргі тарихи білім берудің басты талаптарының бірі болып саналатын тарихи ойлау мен аналитикалық мәдениеттің қалыптасуына жағдай жасайды.

Архив материалдарын оқу процесіне енгізу болашақ педагогтар үшін де үлкен әдістемелік маңызға ие. Зерттеу нәтижелері архив құжаттарымен жұмыс істей алатын мұғалім тарихи пәндерді оқытуда дерекке сүйенген,

дәлелді, сыни тұрғыдан ойлайтын ұрпақты тәрбиелеуге дайын болатынын көрсетті.

Сонымен бірге, архив материалдарын қолдану эмоционалдық-танымдық нәтижелерге де әсер етеді. Жеке хаттар, күнделіктер мен куәліктер білім алушыларды тарихи оқиғаларды жай дерек ретінде емес, адам тағдыры, жеке тәжірибе, моральдық таңдаулар тұрғысынан түсінуге жетелейді. Бұл тарихты оқытудың гуманистік бағыттарын күшейтіп, жастардың тарихи әділеттілікке, адам құқықтарын құрметтеуге, азаматтық жауапкершілікке деген көзқарасын қалыптастырады.

Жалпы алғанда, бұл зерттеу архив материалдарын пайдалану Қазақстан тарихын оқытудың мазмұнын тереңдетуге, тарихи білімнің ғылыми дәлдігін арттыруға және болашақ мамандардың кәсіби-педагогикалық дайындығын жетілдіруге елеулі үлес қосатынын дәлелдеп отыр. Архивке негізделген оқыту тек өткенді танудың емес, сонымен бірге ұлттық жадыны сақтаудың, тарихи әділеттілікті қалпына келтірудің және елдің интеллектуалдық әлеуетін арттырудың маңызды тетігі болып табылады.

References

Alipbay B. (2025) Türkistan ölkesi zertteushilerininin еңбектерінде Türkistandy otarlaw мәselesi [The issue of the colonization of Turkestan in the works of researchers of the Turkestan region]. *Türkoloji*, – Vol. 123. — P. 159-180. <https://dergipark.org.tr/en/pub/ayt/issue/94742/1718778> (In Kazakh.)

Allagulov A.M., Khisamutdinova R.R. (2023) Vospitatel'nyj potencial predmetnoj podgotovki budushchego uchitelya v usloviyah sovremennoj obrazovatel'noj politiki [The Educational Potential of Subject Training for Future Teachers in the Context of Modern Educational Policy]. *Vestnik Samarskogo gosudarstvennogo tekhnicheskogo universiteta. Seriya «Psihologo-pedagogicheskie nauki»*. – Vol. 20(4). — P. 63-78. DOI: <https://doi.org/10.17673/vsgtu-pps.2023.4.6> (In Russian)

Colis M.V.C., Reyes W.M., and Garcia E.B. (2016). Teaching historical thinking skills through “Reading Like a Historian” method. *The Normal Lights*. – Vol. 10(1). — P. 1-21. <https://po.pnuresearchportal.org/ejournal/index.php/normallights/article/download/174/135> (In English)

Dereİ.,andGökçınarB.(2021). Learning to use historical evidence: Reflections from the experiences of prospective social studies teachers. *Inquiry in Education (I.E.)*. – Vol. 13(1). — P. 1-16. <https://digitalcommons.nl.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=1280&context=ie> (In English)

Elcalde R.G., and Serrano M.J.L. (2021). La correspondencia personal: Una fuente documental para la enseñanza de la historia y la formación del profesorado de Primaria y Secundaria. *Prohistoria. Historia Políticas de la Historia*. — Vol. 36. — P. 1-20. <https://doi.org/10.35305/prohistoria.vi36.1527> (In English)

Evurulobi C.I., Dagunduro A.O., and Ajuwon O.A. (2024). Digital narratives and historical representation: A review – Analyzing how digital mediums are revolutionizing the way history is taught and perceived. *World Journal of Advanced Research and Reviews*. — Vol. 24(1). — P. 2083-2090. <https://doi.org/10.30574/wjarr.2024.24.1.2852> (In English)

Ferrer J.M.C., Martínez P.M., and Sánchez R. (2023). Linking past, present and future: The development of historical thinking and historical competencies across different levels of education. *Frontiers in Education*. — Vol. 8:1338308. — P. 1-20. doi: 10.3389/educ.2023.1338308 (In English)

Hajisoteriou C., Solomou E., and Antoniou M.E. (2023). What kind of history teaching may promote intercultural competence in culturally-diverse societies? Teachers’ reflections from a case of conflict. *Frontiers in Education*. — Vol. 8:1156518. —P. 1-20. <https://doi.org/10.3389/educ.2023.1156518> (In English)

Harnes H.B. (2025). What can empirical research tell us about how to develop students' historical empathy? A scoping review. *History Education Research Journal*. — Vol. 22(1). — P. 1-20. <https://doi.org/10.14324/herj.22.1.18> (In English)

Kenebayeva A. (2020). Research-oriented teaching in hospitality and tourism marketing: Critical reflections on practice. *Journal of Educational Sciences*. — Vol. 64(3). — P. 1-15. <https://doi.org/10.26577/jes.2020.v64.i3.01> (In English)

Kubik N. (2022). Arhivnye dokumenty o voennoplennyykh Pervoy mirovoj vojny v Pavlodarskom uezde (Kazakhstan) [Archival documents on prisoners of war of the First World War in the Pavlodar district (Kazakhstan)]. *Fides Ratio et Patria Studia Toruńskie*. — Vol. 17. — P. 134-148. <https://doi.org/10.56583/frp.2251> (In Russian)

Leadbetter P., Bussu A., and Richards M. (2019). Emotive outdoor learning experiences in Higher Education: Personal reflections and evidence. *Psychology Teaching Review*. — Vol. 25(1). — P. 67-71. <https://doi.org/10.53841/bpsptr.2019.25.1.67> (In Eng.)

Lee B.N. (2023). Adapting history education for the 21st century: Integrating technology and critical thinking skills. *SPEKTA*. — Vol. 4(2). — P. 216-224. <https://doi.org/10.12928/spekta.v4i2.8572> (In English)

Limiñana P.R., and Soler S. (2024). Impact of active methodologies and critical pedagogy on history learning: A quasi-experimental study. *Deleted Journal*. — Vol. 2(1). — P. 1-11. <https://doi.org/10.33140/jre.02.01.20> (In English)

López-García A. (2023). Effectiveness of a teaching methodology based on the theory of historical thinking through active methods and digital resources in Spanish adolescents. *Frontiers in Education*. — Vol. 8. — P. 1-12. <https://doi.org/10.3389/educ.2023.1175123> (In English)

Marpelina L., Sariyatun S., and Andayani A. (2023). Shifting paradigms: Innovations in teaching history in the Fourth Industrial Revolution. *Path of Science*. — Vol. 9(12). — P. 3011-3018. <https://doi.org/10.22178/pos.99-5> (In English)

Papadopoulou A., Mystakidis S., and Tsinakos A. (2024). Immersive storytelling in social virtual reality for human-centered learning about sensitive historical events. *Information*. — Vol. 15(5). — P. 1-20. <https://doi.org/10.3390/info15050244> (In English)

Satanov A., Ayagan B.G. (2023). School textbooks on history: Representing the Great Patriotic War in Kazakhstan during Soviet and Independence periods. *Social and Education History*. — Vol. 12(1). — P. 36-59. <https://doi.org/10.17583/hse.11072> (In English)

Urazbayeva A. (2019). The main principles of documents classification (on the basis of the examples of Kyrobkom, 1920–1925). *Journal of History*. — Vol. 93(2). — P. 110-116. <https://doi.org/10.26577/jh-2019-2-h14> (In English)

Zhanbosinova A.S., Zhandybaeva S.S., Kazbekova A.T. (2021). Ego-dokumenty istorii politicheskogo terrora v Kazahstane [Ego-documents in the History of Political Terror in Kazakhstan]. *Vestnik Sankt-Peterburgskogo universiteta. Istoriya*. — Vol. 66(3). — P. 797-809. <https://doi.org/10.21638/11701/spbu02.2021.307> (In Russian)

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/ or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Requirements for articles design for publication in the journal are available on the websites:

[www: nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

ISSN 2518–1467 (Online),

ISSN 1991–3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en>

Managing Editor: A.Shormakova

Editors: D.S. Alenov, M.Konyrbekov

Computer layout: G.D. Zhadyranova

Подписано в печать 27.04.2026.

46,0 п.л.

Заказ 2.